

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бершүгір ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 95 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бершүгір ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бершүгір ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Бершүгір стансасының, Сарысай, Алабас ауылдарының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Шалқар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 223 "Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бершүгір ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының төрағасы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2023
жылғы 15 қыркүйектегі № 95 шешіміне
1 қосымша

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бершүгір ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бершүгір ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан

"Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Занының 39-3 бабының 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде № 32894 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және Бершүгір ауылдық округінің ауылдық округ тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны- ауылдық округтің тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрыларатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2 тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Бершүгір ауылдық округінің әкімі жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізу үйімдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Бершүгір ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті участекден қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы участекде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Бершүгір ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Бершүгір ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудандық мәслихат бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысуышылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуышылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысуышылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін тиісті Бершүгір ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналышында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналышына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысуышылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналышының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Шалқар аудандық мәслихатының 2023
жылғы 15 қыркүйектегі № 95 шешіміне
2 косымша

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Бершүгір ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Бершүгір стансасының, Сарысай, Алабас ауылдарының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Елді мекеннің атаяуы	Жергілікті қоғамдастық жиынына катаису үшін өкілдерінің саны (адам)
1.	Бершүгір ауылдық округі Бершүгір стансасының З.Машанова көшесі тұрғындары үшін	1
2.	Бершүгір ауылдық округі Бершүгір стансасының Ақтан Баға көшесі тұрғындары үшін	2
3.	Бершүгір ауылдық округі Бершүгір стансасының Бершүгір көшесі тұрғындары үшін	3
4.	Бершүгір ауылдық округі Бершүгір стансасының Ынтымак көшесі тұрғындары үшін	2
5.	Бершүгір ауылдық округі Бершүгір стансасының Шығыс көшесі тұрғындары үшін	1
6.	Бершүгір ауылдық округі Бершүгір стансасының Ө.Отарбаев көшесі тұрғындары үшін	2
7.	Бершүгір ауылдық округі Бершүгір стансасының Самал көшесі тұрғындары үшін	1
8.	Бершүгір ауылдық округі Бершүгір стансасының Боктыбай көшесі тұрғындары үшін	2
9.	Бершүгір ауылдық округі Бершүгір стансасының А.Тихонов көшесі тұрғындары үшін	2
10.	Бершүгір ауылдық округінің Сарысай ауылының тұрғындары үшін	3
11.	Бершүгір ауылдық округінің Алабас ауылының тұрғындары үшін	3
Барлығы:		22